

Азаматтарға және заңды ұйымдарға жер учаскелерін беру нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 8 сәуір N 401. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"Жер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 22 желтоқсандағы N 2718 өкіміне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Азаматтарға және заңды ұйымдарға жер учаскелерін берудің қоса беріліп отырған нормалары бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 8 сәуірдегі

N 401 қаулысымен

Бекітілген

Азаматтарға және заңды ұйымдарға жер учаскелерін беру нормалары

1. Жер учаскелері мынадай мөлшерде:

1) Қазақстан Республикасының азаматтарына:

а) шаруа (фермер) қожалығын жүргізу үшін жерді тұрақты пайдалануға:

шаруашылық ұйымдастырғысы келетін отбасылардың еңбекке жарамды әрбір мүшесіне орташа аудандық жер үлесі мөлшерінде - арнаулы жер қорының жерлерінен;

жер үлесіне құқы бар отбасыларының әрбір мүшесіне шаруашылық бойынша орташа жер үлесі мөлшерінде - ауыл шаруашылығы ұйымдарының (кәсіпорындарының) жерлерінен;

б) отбасылардың меншігіне:

0,25 гектар суарылмайтын және 0,15 гектар суармалы жерлерде - селолық жерлерде жеке қосалқы шаруашылық (іргедегі және алқаптық үлесті қоса) жүргізу үшін;

тұрғын үй құрылысын салу және оған қызмет көрсету үшін - 0,1 гектар;

бау-бақша, сондай-ақ саяжай құрылысы үшін - 0,12 гектар;

2) құрылатын ұйым мүшелерінің санына көбейтілген реформаланатын шаруашылық бойынша орташа жер үлесі мөлшерінде - ауыл шаруашылығы өндірісі жалпы үлесті немесе жерді бірлесіп тұрақты пайдалану үшін ауыл шаруашылығы ұйымдарын реформалау нәтижесінде құрылған мемлекеттік емес заңды ұйымдарға тегін беріледі.

2. Жерді тұрақты пайдалануға және жер учаскелерін меншікке қайтадан тегін беруге осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жағдайда рұқсат етілмейді.

3. Шаруа (фермерлік) қожалығын жүргізу үшін тұрақты жер пайдалануда және жеке қосалқы шаруашылық, бау-бақша, жеке тұрғын үй және саяжай салуды жүргізу үшін жеке меншікте болатын жер учаскелерінің шекті (барынша көп) мөлшерін жергілікті жердің жағдайы мен ерекшеліктеріне қарай облыстық атқарушы орган белгілейді.

Азаматтарға шекті мөлшерге дейін тұрақты жер пайдалануға және жеке меншікке тегін берілгеннен өзге қосымша жер учаскелерін олар ақы төлеп сатып ала алады.

4. Заң тыйым салмаған өзге де мақсаттарға арналған жер учаскелерінің мөлшері қызметтің осы түрлері үшін жер бөліп берудің белгіленген тәртіппен бекітілген нормалары бойынша немесе қала құрылысы және жобалық-техникалық құжаттамаларға сәйкес анықталады.

5. Мемлекеттік ауыл шаруашылығы ұйымдарына берілетін жер учаскелерінің мөлшері өндірістік қызмет жоспарларына және ғылыми-зерттеу және оқу-тәжірибе жұмыстарының бағдарламаларына сәйкес анықталады.